

Тұқым шаруашылығы туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандығы N 385 Заны.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілеттік мемлекеттік орган", "тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілеттік мемлекеттік органға", "тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органды", "тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілеттік мемлекеттік органдың", "тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілеттік мемлекеттік органдардың", "тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік органмен" деген сөздер "уәкілеттік орган", "уәкілетті органға", "уәкілетті органды", "уәкілетті органның", "уәкілетті органдардың", "уәкілеттік органмен" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Занымен.

Ескерту. Заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша "рұқсат етілген" және "жіберілген" деген сөздер "ұсынылатын" деген сөзben ауыстырылды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Осы Заң тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейді және тұқым шаруашылығы жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі және ауыл шаруашылық өсімдіктерінің тұқымдарын өндіру, дайындау, өндеу, сактау, тасымалдау, сату мен пайдалану ісін мемлекеттік бақылау мәселелерін реттеуге бағытталған.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алып тасталды - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Занымен;

1-1) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен;

2) аттестаттау - жеке және (немесе) занды тұлғалардың тұқым шаруашылығы субъектісінің мәртебесіне сәйкестігін анықтау (растай);

3) аттестаттау туралы куәлік – мемлекеттің тұқым шаруашылығы саласындағы аттестатталған субъектілердің қызметін тануын айфақтайтын, өз құзыretі шегінде облыстың (респубикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы берген құжат;

4) ауыл шаруашылық өсімдіктері - дәнді, дәнді-бұршақтық, жармалық, азықтық, майлы, эфирлі-майлы, техникалық, көкөністік, дәрі-дәрмектік, гүлдік, жемістік, жидектік дақылдар, картоп, жузім;

5) байқаудан өткізу - ауданың, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың тиісті жергілікті атқарушы органына ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін байқаудан өткізу жөніндегі қызметтің басталғандығы туралы хабарлаған жеке тұлға;

6) бақылау сынақтары - ауыл шаруашылық өсімдігінің сорт белгілерінің сақталуын және әр түрлінің осы сортқа сәйкестігін анықтау;

7) бірегей тұқымдар - ауыл шаруашылық өсімдігі сорттының авторы, ол уәкілдік берген адам немесе сорттың оригиналаторы өсіріп шыгарған және элиталық тұқымдарды өндіруге арналған тұқым;

8) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдар - тұқымдар элитасының жылдар бойынша кейіннен өсіріп-өндірілуі: бірінші жыл - бірінші көбейтілген тұқым, екінші жыл - екінші көбейтілген тұқым, үшінші жыл - үшінші көбейтілген тұқым;

9) егістерді байқаудан өткізу - ауыл шаруашылық өсімдіктері егістерінің сорттық сапаларын: сорттық тазалығын, сортқа тәнділігін, арамшөптер басу, ауруға шалдығу және зиянкестерден бұліну дәрежесін анықтау;

10) жерге егіп бағалау - тұқымдардың белгілі бір түрге, сортқа жататындығы мен сорттық тазалығын оларды арнаулы участеклерде егу және өсімдіктер бойынша сорттық сапаларын кейіннен тексеру жолымен анықтау;

11) зертханалық сорттық сынақтар - тұқымдардың белгілі бір сортқа тиістілігін белгілеу және зертханалық талдау жүргізу жолымен тұқымдардың сорттық тазалығын анықтау;

12) алып тасталды - ҚР 05.10.2018 № 184-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

12-1) Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия - өсімдік сорттарының патент қабілеттілігін және шаруашылықта пайдалылығын сараптамадан өткізуді және сынауды жүзеге асыратын, уәкілеттік органның қарауындағы ұйым;

13) сорт ауыстыру - тұқым өсірушілердің өндірісте егіліп жүрген ескі сорттарды неғұрлым шығымды немесе ауыстырылатын сорттан шаруашылық-бағалылық белгілері мен қасиеттері жағынан артық жаңа, пайдалануға ұсынылатын сорттармен ауыстыруы;

14) сорт жаңарту - өндірісте пайдалану кезінде сорттық және биологиялық сапасы нашарлаған тұқымдарды сол сорттың жақсы тұқымдарымен ауыстыру;

15) сортқа тәнділік - айқас тозаңданырылатын ауыл шаруашылық өсімдіктерінің сорттық тазалығының көрсеткіші;

16) сорт оригиналаторы - сорттың сақталуын қамтамасыз ететін жеке немесе заңды тұлға;

17) сорттық бақылау - ауыл шаруашылық өсімдіктері егістерінің сорттық тазалығын анықтау және тұқымдардың белгілі бір сортқа жататындығын белгілеу жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуын бақылау;

18) сорттық сынақ - селекциялық жетістіктің патент қабілеттілігі мен шаруашылықта пайдалылығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілетін сараптамадан және сынақтан өткізу;

19) сорттық тазалық - негізгі сорт өсімдіктерінің немесе сабактарының осы ауыл шаруашылық өсімдіктерінің немесе сабактарының жалпы санына проценттік қатынасы;

20) суперэлиталық тұқымдар - бірегей тұқымдарға жататын, өсіріп-өндіру көшеттігінің өнімінен алынған, ұлттық стандарттар мен тұқым шаруашылығы саласындағы өзге де нормативтік құжаттардың талаптарына сай келетін және элиталық тұқымдарды өндіруге арналған тұқымдар;

20-1) тұқымға арналған аттестат – бірегей және элиталық тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасын растайтын құжат;

21) тұқымдар - өсімдіктердің сортын молықтыру үшін пайдаланылатын генеративтік және вегетативтік органдары: тұқымның өзі, жемістер, күрделі жемістердің бөлігі, қосалқы жеміс, масақтар, көшеттер, жуашық, түйнек, қалемшелер, тұзуші ұлпалар және басқалар;

22) тұқымдардың кондициялылығы - тұқымдардың тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігі;

23) тұқымдардың сорттық сапасы - тұқымдардың ауыл шаруашылық өсімдігінің белгілі бір сортына жататындығын сипаттайтын белгілер жиынтығы;

24) тұқымдар тобы – тиісті құжатпен (байқаудан өткізу актісімен, тұқым аттестатымен, тұқым куәлігімен, тұқымдардың кондициялығы туралы куәлікпен, тұқымдарға талдау жасау нәтижесімен, карантиндік сертификатпен, фитосанитариялық сертификатпен) расталған, шығу тегі мен сапасы жағынан біртекtes тұқымдардың белгілі бір мөлшері;

25) тұқымдық бақылау - тұқымның егу сапасын анықтау жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуын, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау;

26) тұқым куәлігі - тұқымдардың алғашқы және одан кейінгі көбейтілуінің сорттық және егу сапасын растайтын құжат;

27) тұқымның егу сапасы - тұқымдардың егуге (отырғызуға) жарамдылық дәрежесін сипаттайтын сапа көрсеткіштерінің жиынтығы;

28) тұқым өндірушілер - осы Занға сәйкес тұқым шаруашылығы саласындағы қызыметті жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар;

29) тұқым өсіру шаруашылығы - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы аттестаттаған, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды өндіру мен сатуды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъект;

29-1) тұқым өткізуші - облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы аттестаттаған, ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының партияларын өткізу және (немесе) тұқым несиесін беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруши жеке немесе заңды тұлға;

30) тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхана – тұқымдардың сорттық және егу сапасының тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігіне зерттеулер жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және белгіленген тәртіппен аккредиттелген заңды тұлға;

31) тұқым сараптамасы – тұқымдардың сұрыптық және егістік сапаларының тұқым шаруашылығы саласындағы техникалық регламенттердің және стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкестігін анықтау жөніндегі іс-шаралар кешені;

32) тұқым сарапшысы – ауданың, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың тиісті жергілікті атқарушы органына тұқымдардың сорттық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі қызметтің басталғандығы туралы хабарлаған, тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхана маманы;

33) тұқым шаруашылығы - тұқымдарды өндіру, дайындау, өндеу, сақтау, тасымалдау, сату және пайдалану жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтитын қызмет, сондай-ақ мемлекеттік бақылау, оның ішінде сорттық және тұқымдық бақылау;

34) тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектор – жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамы;

35) тұқым шаруашылығының схемасы - көшеттіктер мен тұқымдық егістіктердің өзара байланысты топтары, оларда белгілі бір реттілікпен, сұрыптау және өсіріп-өндіру жолымен сортты молықтыру процесі жүзеге асырылады;

36) тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – тұқым шаруашылығы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

37) элиталық тұқымдар - ауыл шаруашылық өсімдіктерінің бірегей немесе суперэлиталық тұқымнан алынған және Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасының талаптарына сай келетін тұқымдары;

38) элиталық тұқым өсіру шаруашылығы - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы аттестаттаған, элиталық тұқымдарды өндіру мен сатуды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъект.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - КР 2006.12.29 № 209, өзгерістер енгізілді - КР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

2-бап. Тұқым шаруашылығы саласындағы объектілер мен субъектілер

1. Тұқым шаруашылығы саласындағы объектілерге:

сорт (өскін, топ, будан, жеке тұр, аралас сорттар);

тұқымдар;

тұқымдық және тұқым өсіру егістері мен екпелері жатады.

2. Тұқым шаруашылығы саласындағы субъектілерге:

сорттың авторы;

сорттың оригиналаторы;

тұқым өндірушілер;

тұқымдарды сату құқығының үй жанындағы, бау-бақ, саяжай және бақша участкелерінде пайдалану үшін тұқым өндірумен шұғылданатан жеке адамдарды қоспағанда, тұқымдарды тұтынушылар;

тұқымдардың сорттық және егу сапасын анықтау бойынша қызмет көрсететін жеке және (немесе) занды тұлғалар;

тұқым өткізушилер;

Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорт сынағын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия жатады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

3-бап. Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы зандары

1. Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы зандары Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Зандағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2-тaraу. Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу мен басқару

4-бап. Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу

Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу:

1) мыналарды:

тұқым шаруашылығы субъектілерін алғашқы аттестаттауды;

аттестаттау туралы қуәліктің қолданылу мерзімі өткеннен кейін тұқым шаруашылығы субъектілерін:

бірегей тұқым өндірушілерді - бес жылда бір рет;

элиталы тұқым өсіру шаруашылықтарын - үш жылда бір рет;

тұқым өсіру шаруашылықтарын - үш жылда бір рет;

тұқым өткізушилерді - екі жылда бір рет;

тұқым шаруашылығы субъектілерін біліктілік талаптарына сәйкестігі нысанасына аттестаттаудан кейін жыл сайын зерттеп-тексеруді қамтитын тұқым шаруашылығы субъектілерін аттестаттау;

1-1) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптық егістерін байқаудан өткізу және тұқымдардың сорттық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын байқаудан өткізушилер мен тұқым сарапшыларын есепке алу;

2) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін және ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің перспективалы сорттарының тізбесін жүргізу;

3) тұқымның сорттық және егу сапасына міндетті сараптама жасау;

4) тұқым шаруашылығы саласында мемлекеттік бақылау жүргізу;

5) рұқсаттық бақылау;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тұқым шаруашылығы және селекция саласында ауыл шаруашылық өсімдіктерінің тектік қорын сақтау, дамыту және пайдалану жөніндегі іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулер жүргізу;

7) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын бірегей және асыл тұқымдар сұрыптары өндірісін, өткізуді және сатып алуды субсидиялау;

8) ауыл шаруашылық өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізуді, тұқымдардың, соның ішінде қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егуіне арналған тұқымдардың сорттық және егістік сапасының сараптамасын мемлекеттік қамтамасыз ету;

9) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) тұқым шаруашылығы саласындағы инвестициялық, кредиттік саясатты қалыптастыру;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде тұқым шаруашылығы субъектілерінің мүдделерін құқықтық жағынан қорғау;

12) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

13) алып тасталды

14) техникалық реттеу - саласындағы қауіпсіздікті (бұдан әрі - қауіпсіздік) қамтамасыз ету;

15) тұқым шаруашылығы саласында қауіпсіздікке қатысты тұтынушыларды жаңылыстыруға әкелетін әрекеттердің алдын алу арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29 № 209, 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.05.2025 № 188-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұқым шаруашылығы саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) тұқым шаруашылығы саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын өзірлейді;

2) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) тұқым шаруашылығы саласындағы, оның ішінде тұқымдардың экспорты және импорты мәселелері бойынша үкіметаралық келісімдерді жасасады;

7) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

- 7-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 8) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 9) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 10) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 11) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 12) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 13) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 14) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29 № 209, 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

1. Уәкілеттік орган:
 - 1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 1-1) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;
 - 1-2) тұқым шаруашылығы саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;
 - 2) селекция, сортты сынақтан өткізу және тұқым шаруашылығы жөніндегі ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;
 - 3) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-В (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын ауыл шаруашылық өсімдіктері сорттарының тұқымдарын өндіру және сату көлеміне болжам жасайды;

6) бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушилерді аттестаттау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

7) алынып тасталды - 2006.01.10 № 116 Заңымен.

7-1) патент қабілеттілігі мен шаруашылықта пайдалылығы мемлекеттік сынақтың немесе өтініш берушінің деректері бойынша бағаланатын өсімдіктердің тектері мен түрлерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

7-2) мыналарды:

Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізлімін жүргізу тәртібін;

ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорт сынағы мәселелері жөніндегі респубикалық комиссия туралы ережені;

ауыл шаруашылығы өсімдіктеріне сорт сынағын жүргізудің әдістемесін;

тұқым шаруашылығының аттестатталған субъектілері үшін субсидиялауға жататын бірегей тұқымдарды өндіруге және элиталық тұқымдарды өткізуге жыл сайын квота белгілеудің тәртібін;

сортты егістерді байқаудан өткізу тәртібін бекітеді;

8) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-В (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-1) сұрыптық және тұқымдық бақылауды, жерге егіп бағалауды, зертханалық сұрыптық сынақтардан өткізуді, тұқым сапасына сараптама жасауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8-2) тұқым шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бағыттарын, тұқымдары бюджет қаражаты есебінен субсидиялануға жататын ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тізбесін және оларға бөлінетін субсидиялардың нормативтерін айқындайды;

8-3) тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8-4) ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сұрыптық сынақтан өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8-5) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-В (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8-6) тұқымдардың, оның ішінде қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

9) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-В (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10) алып тасталды

11) сортты сынақтан өткізу мен тұқым шаруашылығы мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді және тұқымға арналған құжаттаманың нысандарын әзірлейді және бекітеді;

11-1) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

12) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарайды, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар енгізеді;

13) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-В (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

13-1) табиғи-климаттық жағдайлар бойынша қолайсыз жылдарда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының өтініштері негізінде тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттарда және стандарттау жөніндегі өзге де құжаттарда белгіленген тұқым сапасының көрсеткіштерін бір жылдан аспайтын мерзімге төмендетуді келіседі;

14) бастапқы, элиталық және өнеркәсіптік (жаппай) тұқым шаруашылығын жүргізуін схемалары мен әдістерін әзірлейді және бекітеді;

15) отандық және шетелдік селекция сорттарына мемлекеттік сынақ ұйымдастырады;

16) уәкілеттік орган бекіткен сорттар оригинаторларын тіркеу ережелеріне сәйкес сорттар оригинаторларын тіркейді;

17) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-В (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18) республиканың тұқым ресурстарының мониторингін жүзеге асырады;

19) өз құзыреті шегінде селекция және тұқым шаруашылығы жөнінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

20) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

21) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін және ауыл шаруашылық өсімдіктерінің перспективалы сорттарының тізбесін бекітеді;

22) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-В (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанын кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25) алып тасталды

26) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпаратты жергілікті атқарушы органдардан сұратады;

27) республика бойынша тұқымдар балансын жасайды;

28) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

29) патент беруге арналған қорытындысымен қоса сорт сипаттамасының, сорттың патент қабілеттілігі туралы қорытындының нысандарын белгілейді;

30) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

31) Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасының талаптарын бұзуды жою туралы нұсқаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының нысандарын бекітеді;

31-1) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

31-2) сұрып сынағын өткізу саласындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын белгілейді;

32) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Уәкілеттік орган өз қызметін аумақтық органдар арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10 № 116 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29 № 209, 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы

ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2025 № 188-VIII (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

6-1-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

- 1) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 2) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 3) уәкілетті органның қарауына элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының элиталық тұқымдарды өндіру мен өткізу көлемі жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 4) тұқым шаруашылығы субъектілеріне уәкілетті орган айқындастырын тәртіппен тиісті куәлік бере отырып, оларды аттестаттауды жүргізеді;
- 5) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізеді;
- 6) облыс, республикалық маңызы бар қала және астана бойынша тұқымдар баланстарын жасайды;
- 7) ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпарат беруді қамтамасыз етеді;
- 8) құзыреті шегінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің сақтық және ауыспалы тұқым қорларын қалыптастыруына жәрдемдеседі;
- 9) бастапқы, элиталық тұқым шаруашылығын жүргізу және ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын жаппай көбейту схемалары мен әдістері бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 10) сұрыптық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру, сұрыптық егістіктерді байқаудан өткізуді, жерге егіп бағалауды, зертханалық сұрыптық сынақтарды, тұқым сапасына сараптама жүргізу тәртібінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

10-1) алып тасталды - КР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10-2) тиісті аумақта тұқым ресурстарының мониторингін жүзеге асырады;

11) осы Заңың 6-1-бабының 12) тармақшасына сәйкес айқындалатын квоталар шегінде субсидиялауға жататын тұқымдарды өткізу дің шекті бағасын белгілейді;

12) субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы квоталарды:

тұқым шаруашылығы саласында аттестатталған әрбір субъект үшін – бірегей тұқымдар бойынша;

әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік үшін элиталық тұқымдар бойынша айқындейдьы;

13) субсидияланған бірегей және элиталық тұқымдардың мақсатты пайдаланылуын бақылайды;

14) байқаудан өткізу шарты мен тұқым сарапшылары кадрларын даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

15) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

16) алып тасталды - КР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

17) тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектордың ұсынысы негізінде:

субъектінің тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыруға құқығын куәландыратын аттестаттау туралы куәлігінің қолданысын;

тұқымдардың сұрыптық және егістік сапаларына сараптама жүргізу жөніндегі қызметті тоқтата тұрады;

18) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 6-1-баппен толықтырылды - КР 2006.01.10 № 116 (01.01.2006 қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - КР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - КР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. <*>

Ескерту. 7-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар және олардың өкілеттіктері

Ескерту. 8-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - КР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тиісті лауазымдарына "Тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектор" деген қосымша арнаулы атау беруге құқылы.

2. Тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың:

1) тұқым шаруашылығы субъектілерінің уәкілеттік орган бекіткен бастапқы, элиталық және өнеркәсіптік (жаппай) тұқым шаруашылығын жүргізуіндік схемалары мен әдістерін, тұқым шаруашылығы саласындағы әдістемелік және технологиялық талаптарды сақтауына мемлекеттік бақылауды, оның ішінде сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік бақылау мақсатында тұқым шаруашылығының субъектілеріне баруға және олардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру мәселелері бойынша ақпарат алуға;

3) атtestатталған тұқым шаруашылығы субъектілері көрсететін қызметтердің сапасын тексеруге;

4) атtestатталған тұқым өндірушілердің қызметіне олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі нысанында инспекция жүргізуі жүзеге асыруға;

5) тұқым шаруашылығы саласында қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасының бұзылғаны туралы нұсқама беруге және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына:

субъектінің тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыруға құқығын куәланыратын атtestаттау туралы куәлігінің қолданысын;

тұқымдардың сұрыптық және егістік сапаларына сараптама жүргізу жөніндегі қызметті тоқтата тұру туралы ұсыныстар енгізуге;

7) тұқым сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін тұқым топтарынан сынамалар іріктең алуға;

8) субсидия бөлінген тұқымның нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар.

9) алыш тасталды

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20. № 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10. № 116 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

9-бап. Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар жүзеге асырады және ол Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасының, тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау:

1) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен;

2) сорттық және тұқымдық бақылауды;

3) аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілерінің қызметін олардың уәкілетті орган бекіткен рұқсат беру талаптарына сәйкестігі тұрғысынан бақылауды;

4) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен;

5) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттарын мемлекеттік сынауды бақылау.

3. Сорттық және тұқымдық бақылау:

1) тұқымдарды өндіру, дайындау, өндеу, сақтау, өткізу, тасымалдау және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуын мынадай:

тұқым себү;

ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің вегетациясы;

жинау;

тұқым құю;

тұқым сақтау;

өткізу (тұқымдардың өткізуге дайындалған және өткізілген партияларын, оның ішінде экспорт және импорт кезінде, олардың сапасының растаушы құжаттарға сәйкестігіне тексеру) кезеңдерінде тұқым шаруашылығы ережелері мен нормаларын сақтау нысанында бақылауды қамтиды.

Белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқым өндірушілердің тұқым өндіруін бақылау, ол мынадай кезеңдерді қамтиды:

тұқым себуге дайындалған егістіктерді тексеру - тұқым себудің алдында жылына бір рет;

вегетация кезеңінде сорттық егістерді тексеру - жылына үш рет;

сорттық және гибридтік егістерді байқау және егістік зерттеуді бақылау - байқау кезеңінде бір рет;

тұқымдарды жинау (жинап алу), тасымалдау, өндіру (тазарту) және сақтауды, тұқым қоймаларының дайындығын бақылау - бақылаудың әрбір түрі бойынша жылына екі рет

2) тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалардың тұқымдардың сорттық және егу сапасына сараптама жүргізуін, олардың тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен стандарттау жөніндегі құжаттарды сақтауын:

тұқым сапасын сараптау кезеңінде жылына екі рет, сондай-ақ бақылау тәртібімен тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру кезінде;

тұқым өндірушілерге шағым жасалған, сондай-ақ тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалар берген тұқымдардың сорттық және егу сапасына зерттеулердің нәтижелерімен келіспеген жағдайлардағы бақылауды;

3) байқаудан өткізу кезеңінде байқаудан өткізушилердің жұмысын, сондай-ақ тұқым өндірушілердің осы Заңының 14-бабы 2-тармағының нормаларын сақтау нысанасына оларды тексеруді;

4) тұқым шаруашылығы субъектілерінің тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, стандарттау жөніндегі құжаттарды және өзге де нормативтік құжаттарды сақтауын бақылауды қамтиды.

4. Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

5. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.31. № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап

қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

10-бап. Тұқым шаруашылығы субъектілерін аттестаттау

1. Мыналар:

- 1) алып тасталды - ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).
- 2) бірегей және элиталық тұқымдарды өндірушілер;
- 3) сатуға арналған бірінші, екінші, үшінші көбейтілген тұқымдарды өндірушілер;
- 4) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 5) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 6) тұқым өткізушилер аттестатталуға жатады.

2. Аттестаттау мерзімі біткеннен кейін тұқым шаруашылығының субъектілері қайта аттестаттаудан өтуге міндетті.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.10 № 116 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

3-тарау. Тұқым шаруашылығын ұйымдастыру

11-бап. Тұқым шаруашылығы жүйесі

1. Ауыл шаруашылық өсімдіктерінің тұқым шаруашылығы жүйесі - сорт алмастыру және сорт жаңарту мақсаты үшін сорттардың шығарылуын, мемлекеттік сорттық сынағын, жаппай көбейтілуін, тұқымдардың өндірілуін, дайындалуын, өнделуін, сақталуын, тасымалдануын, сатылуы мен пайдаланылуын, сорттық егістерді байқаудан өткізуді, тұқым сапасына сараптама жасауды, мемлекеттік сорттық және тұқымдық бақылауды қамтамасыз ететін, функционалдық жағынан өзара байланысты мемлекеттік органдардың, ғылыми ұйымдардың, тұқым шаруашылығы субъектілерінің жиынтығы.

2. Ауыл шаруашылық өсімдіктерінің тұқым шаруашылығы жүйесіне:

- 1) уәкілеттік орган мен оның аумақтық органдары;
- 1-1) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары;

- 2) тұқым өндіру, дайындау, өндеу, сақтау, сату және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын аттестатталған жеке және занды тұлғалар;
- 3) тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалар кіреді.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2006.01.10. № 116 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

12-бап. <*>

Ескерту. 12-бап алып тасталды – КР 2004.12.20. № 13 Заңымен (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі).

4-тарау. Тұқымдарды өндіру, дайындау, өндеу, сақтау, тасымалдау, сату және пайдалану

13-бап. Тұқымдарды өндіру мен пайдалануға қойылатын талаптар

1. Ауыл шаруашылық өсімдіктерінің тұқымдары:
 - 1) карантиндік объектілерден ауру жүққызыған болса;
 - 2) осы Занда белгіленген тәртіппен егу сапасына сараптамадан өтпесе;
 - 3) гендік инженерия (генетикалық жағынан түрлендірілу) негізінде алынса, оларды өткізуге және егу (отырғызу) үшін пайдалануға тыйым салынады.
2. Сұрыптық және егу сапалары бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін тұқымдарды өткізуге, сондай-ақ егу (отырғызу) үшін пайдалануға тыйым салынады.
 - 2-1. Тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттардың және стандарттау жөніндегі өзге де құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтін тұқымдарды егу (отырғызу) үшін өткізуге және пайдалануға жол берілмейді.
 - 2-2. Осы Заңың 6-бабы 1-тармағының 13-1) тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен келісу бойынша тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттарда және стандарттау жөніндегі өзге де құжаттарда белгіленген көрсеткіштерге қарағанда сапа көрсеткіштері төмендетілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын өткізуге және егу (отырғызу) үшін пайдалануға жол беріледі.
3. Алып тасталды - КР 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
4. Алып тасталды - КР 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Осы Занда белгіленген тәртіппен аттестатталмаған жеке және занды тұлғалар тұқымдарды өткізу құқығының өз қажеттіліктері үшін ғана өндіру мен пайдалануды жүзеге асыра алады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2006.12.29 № 209, 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап

қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Тұқым өндірушілердің құқықтары мен міндеттері

1. Тұқым өндірушілер тұқым өндіру көлемдерін өз бетінше айқындауға құқылы.
2. Тұқым өндірушілер:
 - 1) уәкілеттік орган бекіткен технологиялық талаптарды, өндіріс схемаларын, тұқымды сақтау және сату ережелерін сақтауға, олардың саны мен сапасы жағынан сақталуын қамтамасыз етуге;
 - 2) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 3) элиталық тұқымдарды алдағы уақытта сату, соның ішінде мемлекеттен тыс жерлерге сату мақсатымен оларды өндіру кезінде бірегей тұқым сорттарын және будандардың шыққан тегінің нысандарын сатып алуға;
 - 4) тұқымдарды сату кезінде олардың сорттық және егу сапасын, сондай-ақ сорттың сипаттамасын (суреттемесін) растайтын құжаттарды табыс етуге;
 - 5) уәкілеттік орган белгілеген тәртіппен сорттық егістерге байқау өткізуғе;
 - 6) сатуға, егу үшін пайдалану мен сақтық және ауыспалы қорлар жасауға арналған тұқымдардың егу сапасына сараптама жүргізуғе;
 - 7) егісті (отырғызылған екпelerді), аумақтарды, тұқым тазалағыш машиналар мен механизмдерді, қоймаларды карантиндік обьектілерді анықтау үшін үнемі тексеріп отыруды қамтамасыз етуге және оларға қарсы құрес жөніндегі іс-шараларды жүргізуғе;
 - 8) өз қаражаты есебінен ауыл шаруашылық өсімдіктерінің сақтық және ауыспалы қорларын құруға;
 - 9) алып тасталды - 2009.07.17. № 188-IV Заңымен;
 - 10) уәкілеттік орган белгіленген тәртіп пен мерзімде сорттың жаңартылуын және сорттың алмастырылуын жүргізуғе;
 - 11) сатылуға тиісті тұқымның тұқым құжатында көрсетілген сорттық және егу сапасына сәйкестігіне кепілдік беруге;
 - 12) сатылған және өз қажетіне пайдаланылған тұқымдардың мөлшеріне, шыққан тегіне, олардың сорттық және егу сапасына есеп жүргізуге міндетті.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен

14-1-бап. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін байқаудан өткізу және тұқымдардың сорттық және егістік сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметке қойылатын талаптар

1. Жеке тұлғалар ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін байқаудан өткізу жөніндегі қызметті және тұқымдардың сорттық және егістік сапасына сараптаманы жүзеге асыру үшін хабарламамен бірге:

1) байқаудан өткізушилер үшін – агрономия, жеміс-көкөніс шаруашылығы, топырақтану және агрохимия, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, тұқым сарапшылары үшін – агрономия, жеміс-көкөніс шаруашылығы, қайта өндеу өндірістерінің технологиясы (ауыл шаруашылығы), стандарттау және сертификаттау (ауыл шаруашылығы) мамандықтары бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімнің бар екенін;

2) арнайы даярлықтан өткендігін (байқаудан өткізушилер үшін – байқаудан өткізушилер курсары);

3) тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханадағы (тұқым сарапшылары үшін) жұмысы немесе тағылымдамасы (кемінде екі ай) туралы мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

2. Байқаудан өткізушилер және (немесе) тұқым сарапшылары мынадай талаптарға сай болуға тиіс:

1) байқаудан өткізушилер үшін:

агрономия, жеміс-көкөніс шаруашылығы, топырақтану және агрохимия, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині мамандықтары бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімнің;

арнайы даярлығы (байқаудан өткізушилер курсары) туралы құжаттың болуы;

2) тұқым сарапшылары үшін:

агрономия, жеміс-көкөніс шаруашылығы, қайта өндеу өндірістерінің технологиясы (ауыл шаруашылығы), стандарттау және сертификаттау (ауыл шаруашылығы) мамандықтары бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімнің;

тұқым сапасына және екпе материалына сараптама жасау жөніндегі зертханадағы жұмысы немесе тағылымдамасы (кемінде екі ай) туралы құжаттың болуы.

Ескерту. 4-тaraу 14-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. Ауыл шаруашылық өсімдіктерінің тұқымдарын өндіруге арналған агроэкологиялық аймақтар

Ескеरту. 15-бап алынып тасталды - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

16-бап. Тұқым топтарын сату мен тасымалдау

1. Тұқым топтарын сату мен тасымалдау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.
2. Тұқым топтарын сатқан және тасымалдаған кезде олар ыдысқа салынған (буып-түйілген) немесе ыдысқа салынбаған (үйілген) күйде болуы мүмкін.
3. Тұқым топтарын ыдысқа салынған (буып-түйілген) күйінде сатқан және тасымалдаған кезде олардың ыдыстары мен бумаларында белгіленген нысанда этикетка болуға тиіс.
4. Бірегей және элиталық тұқымдарды ыдысқа салынған (буып-түйілген) күйде ғана сату мен тасымалдауға рұқсат етіледі.
5. Тұқымдарды ыдысқа салынбаған (үйілген) күйінде сатқан және тасымалдаған кезде осы тұқым топтарына тұқымдардың әрбір тобы сортының атауы, тұқымдардың өсірілген жері мен сапасы туралы деректер көрсетілген ілеспе құжаттарды ресімдеу талап етіледі.
6. Химиялық және биологиялық препараттармен өндөлген тұқым топтары ыдысқа салынған (буып-түйілген) жағдайда болуға тиіс. Осы тұқымдардың ыдыстары мен бумаларында мұндай тұқымдардың ұсталу тәртібін анықтайтын және адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету мүмкіндігі туралы мәліметтер қамтылған тиісті жазбалар болуы керек.

7. Тұқым топтарын сатқан және тасымалдаған кезде ыдыстар мен бумаларда, этикеткаларда және ілеспе құжаттарда сорттың атауы, тұқымдардың өсірілген жері мен сапасы туралы шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер көрсетуге, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында тұқым топтары туралы көрінеу жалған жарнама таратуға тыйым салынады.

17-бап. Тұқымдардың сақтандыру және өтпелі қорлары

Ескерту. 17-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
2. Алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
3. Сақтық тұқым қорлары ауыл шаруашылық өсімдіктерінің тұқым қорлары болып табылады және астық шықпай қалған жағдайда тұқым себуді қамтамасыз ету үшін оларды ауыл шаруашылық тауар өндірушілері дербес қалыптастырады.
4. Өтпелі тұқым қорлары күздік ауыл шаруашылық өсімдіктерінің қорлары болып табылады және оларды ауыл шаруашылық тауар өндірушілері дербес қалыптастырады.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-бап. Тұқымдарды дайындау, өндеу, сактау және пайдалану

1. Ауыл шаруашылық өсімдіктерінің тұқымдарын дайындауды, өндеуді, сактауды және пайдалануды ұйымдастыру тәртібін уәкілеттік орган белгілейді.

2. Патент иесінің ерекше құқық объектісі болып табылатын тұқымдарды пайдалануға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен рұқсат етіледі.

19-бап. Тұқым топтарын Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету

1. Тұқым топтарын Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Қазақстан Республикасына әкелінетін және Қазақстан Республикасынан әкетілетін тұқым партияларымен олардың сұрыптық және егістік сапаларын куәландыратын құжаттар бірге жүргуге және ол тұқым шаруашылығы саласындағы техникалық регламенттерде және стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

6. Алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7. Қазақстан Республикасына әкелінетін тұқым топтарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік карантиндік фитосаниятариалық бақылау мен қадағалау және тұқымдық сараптама жасалуға тиіс.

8. Қазақстан Республикасына әкелінетін тұқым партияларымен бірге патент иеленуші құқықтарының сақталуын растайтын құжат (лицензиялық немесе сублицензиялық шарт) жүргуге тиіс.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29 № 209, 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Тұқым сапасына кепілдіктер

1. Тұқым өткізушілер тұқымдардың сорттық және егу сапасы олардың сапасын растайтын ілеспе құжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкестігіне кепілдік береді.

2. Тұқымдардың сорттық және егу сапасы ілеспе құжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда тұқым өткізушілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

3. Сатып алынған тұқымдарға кепілдіктер тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде, ұлттық стандарттарда және басқа да нормативтік құжаттарда белгіленген мерзім ішінде қолданылады.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

5-тaraу. Тұқымның сорттық және егу сапаларын анықтау тәртібі

21-бап. Ауыл шаруашылық өсімдіктері тұқымдарының сорттық сапасын анықтау

1. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сұрыптық сапаларын анықтау нормативтік құқықтық актілерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес егістерді байқаудан өткізу, жерге егіп бағалау және зертханалық сұрыптық сынақтар арқылы жүргізіледі және аттестатталған тұқым өндірушілер үшін міндетті болып табылады.

2. Тұқымдары тұқым шаруашылығы субъектілерінің сатуына немесе өздерінің тұқымдық егістеріне пайдалануына арналған ауыл шаруашылық өсімдіктерінің сорттық егістеріне міндетті түрде байқау өткізілуге тиіс.

3. Ауыл шаруашылық өсімдіктерінің Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген сорттарының бірегей және элиталық тұқымдары жерге егіп бағалануға тиіс.

4. Ауыл шаруашылық өсімдіктерінің Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген сорттарының кейіннен сатылуға арналған элиталық тұқымдары мен бірінші көбейтілген тұқымдары зертханалық сорттық сынақтан өткізілуге тиіс.

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

22-бап. Тұқымдардың егу сапасын анықтау

1. Өткізуге және егу үшін пайдаланылуға жататын тұқымдардың егу сапасын айқындау "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" Қазақстан

Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен аккредиттелген тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларда тұқымдардың сынамаларын ірікте алу және оларға кейіннен талдау жасау арқылы жүргізіледі.

2. Откізілуге тиіс тұқым топтарынан сынамалар ірікте алууды тұқым өндіруші өкілінің қатысуымен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүргізеді.

3. Тек қана егуге арналған тұқымдар топтарынан сынамаларды ірікте алууды тұқым өндірушілердің өтінімі бойынша тұқым сарапшылары және (немесе) тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларда тиісті даярлықтан өткен тұқым өндірушілер (олардың өкілдері) жүргізеді.

Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі)
Зандарамен.

23-бап. Тұқымдарға құжаттама жасау

1. Тұқымдардың сорттық және егу сапасын куәландыратын тиісті құжаттарсыз оларды ішкі рынокта, экспорт және импорт кезінде сатуға, сондай-ақ тұқымдарды егу үшін пайдалануға жол берілмейді.

2. Сату және тасымалдау кезінде бірегей, суперэлиталық және элиталық тұқымдарға - тұқым аттестаты, бірінші және одан кейінгі көбейтілген тұқымдарға тұқым куәлігі қоса беріледі.

3. Тұқым шаруашылығы субъектілері егу үшін өзі өсірген тұқымды пайдаланған жағдайда байқаудан өткізу актісі мен тұқымдардың кондициялығы туралы куәлік не байқаудан өткізу актісі мен тұқымдарға талдау жасау нәтижесі олардың сорттық және егу сапасын растайтын құжаттар болып табылады.

4. Байқаудан өткізушілер мен тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалар берген, олардың сорттық және егу сапасын растайтын құжаттар (сорттық егістерді байқаудан өткізу актісі, тұқымдардың кондициялығы туралы куәлік, тұқымдарға талдау жасау нәтижелері) негізінде тұқым өндірушілер тұқым аттестатын немесе тұқым куәлігін береді.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі)
Зандарамен.

23-1-бап. Тұқымдарды кәдеге жарату және жою кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Тұқымдық сараптау нәтижелері бойынша мақсатына қарай пайдалану үшін жарамсыз деп танылған тұқымдар техникалық регламенттерде белгіленген тәртіппен қосымша өнделуге, кәдеге жаратылуға және (немесе) жойылуға тиіс.

Сараптама жүргізуге және оларды одан әрі пайдалану мүмкіндігі немесе жою қажеттігі туралы шешім қабылдауға қажетті кезеңде тұқымдар қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жағдайлар сақтала отырып, жеке үй-жайларда сақталуға тиіс.

2. Мақсатына қарай пайдалануға жарамсыз тұқымдарды тасымалдауға, сақтауға, сараптауға, пайдалануға немесе жоюға байланысты шығындарды олардың иесі төлейді.

Ескерту. 23-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 № 209 Занымен.

23-2-бап. Тұқымдардың қауіпсіздігі мен сапасы туралы ақпаратқа қойылатын талаптар

Тұқымдардың қауіпсіздігіне және оның өмірлік циклі процестеріне қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын әрекеттердің алдын алу мақсатында тұқым өндірушілер сатып алушыларға және (немесе) тұтынушыларға тұқымдардың қауіпсіздігі мен сапасының көрсеткіштері туралы толық және дәйекті ақпарат беруге міндетті.

Ескерту. 23-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 № 209 Занымен.

5-1-тaraу. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорт сынағы

Ескерту. Заң 5-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз) Занымен.

23-3-бап. Сұрыптардың патентке қабілеттілігі мен шаруашылыққа пайдалылығына сараптама және сынақ

1. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының патентке қабілеттілігі мен шаруашылыққа пайдалылығы уәкілетті орган бекітетін өсімдіктер тектері мен түрлерінің тізбелеріне сәйкес мемлекеттік сынақтың және (немесе) өтініш берушінің деректері бойынша бағаланады.

2. Дақылдар бөлінісінде шаруашылыққа пайдалылығына, ерекшелігіне, біртектілігіне және тұрақтылығына сұрып сынағын өткізу әдістемелерін Ауыл шаруашылығы дақылдарына сұрып сынағын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия бекітеді.

3. Ауыл шаруашылығы дақылдарына сұрып сынағын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия сұрыптың шаруашылыққа пайдалылығына сынақ өткізумен бір мезгілде ерекшелігіне, біртектілігіне, тұрақтылығына сынақ өткізеді және морфологиялық белгілері бойынша ресми сипаттама жасайды.

Ескерту. 23-3-бап жаңа редакцияда - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі).

23-4-бап. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорт сынағын қаржыландыру көздері

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорт сынағы бойынша шығыстарды қаржыландыру:

- 1) бюджет қаражаты;
- 2) мемлекеттік сорт сынағы саласындағы қызмет көрсетулерге ақы төлеу тәртібімен түсетін қаражат;
- 3) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорт сынағы нәтижесінде алғынған өнімдерді өткізуден түсетін қаражат;
 - 3-1) бірегей, элиталық тұқымдарға және кейінгі көбейтілген тұқымдарға зертханалық сұрыптық сынақтар жүргізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу тәртібімен түсетін қаражат;
 - 3-2) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрып сынағы саласында баспа өнімдерін және ақпараттық бюллетенъдерді өткізуден түсетін қаражат;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 23-4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-тарау. Тұқым шаруашылығы саласындағы дауларды шешу және жауапкершілік

24-бап. Тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру кезіндегі дауларды шешу

Тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде туындаитын даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

25-бап. Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа экеп соғады.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

Қазақстан Республикасының
Президенті